

ASTANA

AQSHAMY

Тамыз бүлігі немесе қазақ қаламгерінің ерлігі

Осыдан тура отыз жыл бұрын КСРО-ның күйреуіне алып келген оқиға орын алды. Тарихта «Тамыз бүлігі» атауымен қалған бұл оқиға жайлы әртүрлі пікір қалыптасты. КСРО-ның тұңғыш және соңғы президенті Михаил Горбачевті тақтан тайдыруды ойластырған оның орынбасары Геннадий Янаев бастаған сол кездегі одақ билігі өкілдерінің ісі жылдар бойы тергелді. Жақында 1991-1993 жылдары Ресейдің бас прокуроры болған Валентин Степанков «Аргументы недели» басылымының бас редакторы Андрей Углановқа сұхбат берді. Сонда «Тамыз бүлігін» тудырған факторлар туралы біраз нәрсе айтылған.

Бұл саясаттың тектоникалық қабаттарын орнынан қозғаған өміріміздегі тағдыршешті оқиға болды» дейді Валентин Степанков.

Отыз жылға артқа шегінетін болсақ, КСРО вице-президенті Геннадий Янаев, Қорғаныс кеңесі төрағасының бірінші орынбасары Олег Бакланов, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің төрағасы Владимир Крючков, премьер-министр Валентин Павлов, ішкі-істер министрі Борис Пуго, КСРО шаруалар одағының төрағасы Василий Стародубцев, Мемлекеттік кәсіпорындар ассоциациясының төрағасы Александр Тизяков, Қорғаныс министрі Дмитрий Язов Төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комитет құрып, алып одақ басшысы Михаил Горбачевтің демалыста жүргенін пайдаланып, билікті оз қолдарына алуға талпыныс жасады. Сол күндері Геннадий Янаев КСРО президентінің міндетін атқарып жүрген.

1991 жылы тамыздың 19-шы жұлдызы күні таңғы алтыда Мәскеу радиосының хабарлары КСРО Жоғары Кеңесінің төрағасы Анатолий Лукьяновтың мәлімдемесімен басталды. Содан кейін КСРО вице-президенті Геннадий Янаевтың жарлығы оқылды. Іле-шала Кеңес Одағы басшылығының мәлімдемесі жарияланды. Онда Михаил Горбачев денсаулығына байланысты өзінің міндеттерін орындай алмайтыны, бұл мансап КСРО Конституциясына сәйкес Янаевтың қолына көшетіні айтылып, елдің жекелеген аймақтарында алты айға төтенше жағдай енгізілді. Сол күні таңертең Мәскеуге 4 мың солдат пен офицер, жүздеген әскери техника кіргізілді.

Бүлікшілердің күшпен «Ақ үйді» алу жоспары болған. Бірақ жеме-жемге келгенде ешқайсының оған бұйрық беруге батылы бармады. Алайда тамыздың 21-ші жұлдызына қараған түні Мәскеу орталығында, Кеңес үйінің маңында әскери патрульдің қатысуымен қақтығыс орын алып, үш адам қаза болады. Соған қарамастан әскерлердің көбісі ГКЧП

бұйрықтарына бағынудан бас тартады. Сағат түнгі үшке қарай КСРО Әскери әуе күштерінің бас қолбасшысы-Қорғаныс министрінің орынбасы, маршал Евгений Шапошников Дмитрий Язовқа әскерді Мәскеуден шығаруды ұсынады. Язов бастапқыда қарсы болып, тәртіпке бағынуға шақырады. Бірақ басқа әскерлердің қолбасшылары да оған ашық қарсылық танытады. Ақыры Қорғаныс министрі әскерлерді Мәскеуден шығаруға бұйрық береді.

ГКЧП мүшелері мақсатының күлі осылайша көкке ұшады. 22 тамыз күні сағат 00.04-те Михаил Горбачев Форостағы демалыстан Мәскеуге оралады. Крючков, Язов, Тизяков президент келген соң қамауға алынады. Таңғы алтыда Янаев, кейіннен басқа бүлікшілер да қамалады. Пуго атылып өледі. Тергеу басталып, 1993 жылдың қаңтарына дейін созылады. Кінәлі адамдардың бәрінен «ешқайда шықпау туралы» қолхат алынып, олар қамаудан босатылады.

«Тамыз бүлігінің» алып одақ құрамында болған Қазақстанға әсері қандай болды? Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің сол кездегі бас редакторы Нұрмахан Оразбек бірден үн қатып, «Иә, бұл – төңкеріс!» атты мақала жазды. Қаламгердің осы әрекеті шын мәнінде ерлік еді. Күні кеше ғана оның бұл ерлігін әлеуметтік желіде көрнекті ақын, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Серік Ақсұңқарұлы еске алды. Белгілі ақын, Парламент Мәжілісінің депутаты Қазыбек Иса Нұрмахан Оразбекке Халық қаһарманы атағын беру туралы зиялы қауымның хатын жариялады.

«Орталық Қазақстан» газетінде сол уақытта саяси шолушы болған жазушы-публицист, аудармашы Марал Хасен «Тамыз оқиғасы турасында» атты мақаласында бұл оқиғаны былай еске алады:

«Тура сол күні газетте мен кезекші едім, радиодан бір жағдайсыз хабар естіп, дереу редакторым Нұрмахан Оразбековке мезгілсіз кіруге тура келді. Ол кісі бейхабар екен, сағат 11-дегі хабардан естірмін дегендей сыңай танытты. Ал хабарды естісімен есігін жауып алып, жазуға кірісіп кетті.

Газеттің ертеңгі санына кетіп бара жатқан материалды секретариат оқиды. Кезекші Марал Хасен отызыншы жылдардың зобалаңында қуғын-сүргін көрген жазушы Жайық Бектұровқа телефон шалып, шақырып алады. «Бір тыңдаса, Сізді тыңдайды, сөйлесіңіз» дейді. Жайық ақсақал сонда Нұрмахан Оразбекке: – Ең болмаса, шапкасын жұмсартсаңшы. «Кеңес Одағында маңызды оқиға болды» десең де,

жетеді ғой. Көкейіміздегі сөзімізді айтамыз деп, көрдік қой азапты! – дейді.

Сонда Нұрмахан Оразбек: – Жақа, сөзді шығын қылмаңыз. Ендігі кезек біздікі шығар, бәлкім. Тағдыр солай болса, бұқпантайлағанмен, құтыла алмаспыз! – деп көнбеген.

Кезінде «Азаттық» радиосы қаламгерден сұхбат алды. Тілшінің «Мақала жарыққа шыққаннан кейін сізге қысым болды ма?» деген сұрағына Нұрмахан Оразбек: «Ешқандай қысым болған жоқ. Болмаған себебін айтайын: Мәскеуден обкомға осыны қолдап, митинг өткізіңдер деген нұсқаулық түскен екен. Обкомның екінші хатшысы Әбілғазы Құсайынов бұл нұсқаулықты сейфке тығып тастап, ешкімге айтпаған. Мұндай нұсқаулық КГБ-ге де түскен. Бірақ Қарағандының КГБ-дағы жігіттері ештеңе жасаған жоқ. Бұл бүлікке олардың да іштей қарсылығы болды деп ойлаймын» деп жауап берді.

Арада төрт ай өткенде, 1991 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстан тәуелсіз ел атанғаны белгілі. Көк Туымыз әрдайым биікте, тәуелсіздік тұғыры берік болғай!

Аманғали Қалжанов